

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Балдәурен" республикалық балаларды сауықтыру лагері" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 қараша N 1679

Балалардың, жасөспірімдердің демалуын, сауықтырылуын ұйымдастыру және олардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Балдәурен" республикалық балаларды сауықтыру лагері" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Кәсіпорын жөнінде мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісі міндеттерін жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні:

1) балалар мен жасөспірімдердің сауықтырылуын, демалуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру;

2) балалар мен жасөспірімдердің сауығуы, демалуы кезінде білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жасау;

3) балалардың халықаралық және республикалық мәдени-көпшілік, ғылыми-практикалық іс-шараларын өткізу болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Астана" санаторий-профилакторийінің (Шортанды көлі) мүліктік кешенін заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны теңгерімінен Кәсіпорын теңгеріміне беруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) Кәсіпорын жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін ;

2) тегін сауықтырылуға құқығы бар тұлғалар санатын, сондай-ақ Кәсіпорынның оларды күтуге кеткен шығынын толтыру тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп белгілесін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК